

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен  
Еуразиялық экономикалық комиссияның зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды  
қорғау саласындағы ақпараттық өзара іс-қимылды регламентін бекіту туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 30 тамыздағы № 102 шешімі

2015 жылғы 8 қыркүйектегі Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау жөніндегі іс-қимылды үйлестіру туралы шарттың 10-бабын іске асыру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссияның зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласындағы ақпараттық өзара іс-қимылды регламенті бекітілсін.
2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Тегерасы

T. Саркисян

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2016 жылғы 30 тамыздағы  
№ 102 шешіміне  
ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен  
Еуразиялық экономикалық комиссияның зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды  
қорғау саласындағы ақпараттық өзара іс-қимылды РЕГЛАМЕНТІ**

**I. Жалпы ережелер**

1. Осы Реглмент 2015 жылғы 8 қыркүйектегі Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау жөніндегі іс-қимылды үйлестіру туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) 10-бабына сәйкес зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғауға бағытталған қызметті ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру мақсатында әзірленді.
2. Осы Реглмент Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары (бұдан әрі сәйкесінше – уәкілетті органдар, мүше мемлекеттер, Одақ) мен Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласындағы ақпараттық өзара іс-қимылды тәртібін белгілейді, сондай-ақ уәкілетті органдардың жинақтау және жүйелендіру үшін Комиссияға жіберетін мәліметтер құрамын анықтайды.

Ақпараттық өзара іс-қимыл шеңберінде мүше мемлекеттердің мемлекеттік және өзге де заңмен қорғалатын қупиясына, сондай-ақ мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес осындау деп танылған таралуы шектелген мәліметтерге жатқызылған ақпарат алмасу жүзеге асырылмайды.

3. Осы Регламентте пайдаланылатын ұғымдар Шарттың 1-бабында белгіленген мәндерде қолданылады.

4. Уәкілетті органдар мен Комиссияның зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласындағы өзара іс-қимылды әдістемелік қамтамасыз етуді және консультативтік сүйемелдеуді Комиссияның құзыретіне зияткерлік меншік мәселелері жатқызылған департаменті (бұдан әрі – жауапты департамент) жүзеге асырады.

## II. Уәкілетті органдар және олардың Комиссиямен өзара іс-қимылы

5. Мүше мемлекеттер Шарттың 9-бабының 3-тармағында белгіленген тәртіpte Комиссияны уәкілетті органдар туралы хабардар етеді.

Комиссия хабарлама алғаннан кейін жауапты департамент 10 жұмыс күні ішінде "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі Одақтың ресми сайтында (бұдан әрі – Одақтың ресми сайты) уәкілетті органдардың тізбесін (бұдан әрі – тізбе) орналастырады.

Комиссия мүше мемлекеттерден уәкілетті органдардың өзгеруі туралы хабарламалар алған жағдайда жауапты департамент 3 жұмыс күні ішінде тізімге тиісті өзгерістер енгізеді.

6. Уәкілетті органдар мен Комиссияның өзара іс-қимылы мынадай жолмен жүзеге асырылады:

а) ақпарат алмасу:

зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласындағы мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерінің және Одақ органдары актілерінің уәкілетті органдар мен Одақтың ресми сайттарында жарияланатын жобалары туралы;

зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың бұзылуының анықталған фактілері туралы, соның ішінде қылмыстық, азаматтық істер бойынша және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қабылданған шешімдер туралы;

зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласында құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды ескеरту және жолын кесу бойынша іс-шаралар туралы;

зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласында құқық қолдану практикасы туралы;

мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласындағы заңнамаларын сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар туралы;

уәкілетті органдардың қызметінің нәтижелері туралы, соның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды бұзумен тауарларды әкелудің, өндірісінң және айналымының жолын кесумен байланысты;

б) мүше мемлекеттердің мұдделерін қозғайтын мәселелер бойынша бірлескен талдамалық зерттеулер жүргізу;

в) уәкілетті органдардың арасында бір-бірімен өзара іс-қимылы процесінде туындаитын мәселелер бойынша Комиссияның уәкілетті органдарға әдістемелік және практикалық көмек көрсетуі;

г) зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғаумен байланысты өзге де мәселелер бойынша ынтымактастықты жүзеге асыру.

7. Осы Регламент шеңберінде ақпарат алмасу орыс тілінде жүзеге асырылады.

### **III. Мүше мемлекеттерде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласындағы құқық қолдану практикасының мониторингі**

8. Уәкілетті органдар Комиссияға жыл сайын 31 наурыздан кешіктірмей жібереді:

а) құқық қолдану практикасының жай-күйіне мониторинг, салыстырмалы талдау, зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың бұзылуы үрдістері мен тәуекелдерін болжауды жүргізуге мүмкіндік беретін мәліметтерді қамтитын (мүмкіндігінше) зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың бұзылуына қарсы қурес саласында құқық қолдану практикасының нәтижелері туралы деректер (тауарларды зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың бұзылуымен экспорттайтын елдер, мүше мемлекеттердің аумағына әкелу кезінде осында тауарларды тасымалдау тәсілдері, тауарлардың санаттары, зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың бұзылуы түрлері және т.б. туралы);

б) зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласында құқық қолдану және сот практикасына қатысты ақпараттық-талдамалық және әдістемелік материалдар (егер мұндай материалдарды уәкілетті орган есепті жылда дайындаған жағдайда);

в) Одақ шеңберінде уәкілетті органдардың зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау бойынша құқық қолдану практикасын және іс-қимылдарын үйлестіруді жетілдіру бойынша ұсыныстар;

г) зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласындағы заңнаманы және құқық қолдану практикасын жетілдіруге бағытталған өткізілген және жоспарланған іс-шаралар туралы ақпарат.

9. Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласында уәкілетті органдар мен Комиссияға жүктелген міндеттерді іске асыру үшін талап етілетін қосымша ақпаратты алу қажет болған жағдайда уәкілетті органдар мен Комиссия 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және Жоғары

Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне сәйкес тиісті сауалдар жібереді.

Уәкілетті органдардың бір-біріне сауалдар жіберуі және мұндай сауалдарды жауаптар дайындау м.ше мемлекеттер қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға және мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Мүше мемлекеттерде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласында құқық қолдану практикасына мониторинг жүргізу мақсатында жауапты департамент күн сайын уәкілетті органдар ұсынған ақпаратты жинауды, жинақтауды, жүйелеуді және талдауды жүзеге асырады және Зияткерлік меншік жөніндегі консультативтік комитеттің кезекті отырысында мүше мемлекеттерде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласындағы мәселелердің 1 мамырдан кешіктірмей қаралуын қамтамасыз етеді.

11. Комиссия уәкілетті органдардың зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласындағы қызметтің нәтижелері туралы деректерді жинауға және есепке алуға біркелкі тәсілдемелерді қолдануы бойынша тиісті ұсынымдарды әзірлеу арқылы уәкілетті органдар ұсынатын ақпараттың салыстырмалылығын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қабылдайды.

#### **IV. Құқық қолдану практикасы мониторингінің нәтижелерін пайдалану**

12. Жауапты департамент Зияткерлік меншік жөніндегі консультативтік комитеттің отырыстарында зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласындағы мәселелерді қарау мақсатында:

а) мүше мемлекеттерде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласында құқық қолдану практикасының мониторингі және талдауы нәтижелерін қамтитын материалдарды дайындайды;

б) уәкілетті органдардың зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың бұзылуының алдын алуға және жолын кесуге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру бойынша ұсыныстарын жинақтайды;

в) мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласындағы заңнамасын ұнdestіру бойынша ұсыныстарды және мүше мемлекеттерде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласында құқық қолдану практикасын жетілдіруге бағытталған шараларды дайындайды;

г) мүше мемлекеттерде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласындағы жағдайды дамыту болжамын дайындайды және Комиссияның зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың бұзылуы тәуекелдерін анықтауға бағытталған ұсынымдарын дайындау бойынша ұсыныстар әзірлейді;

д) зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау механизмдерін жетілдіру саласында бірлескен талдамалық зерттеулер жүргізу туралы негізделген ұсыныстарды (

қажет болған жағдайда), сондай-ақ уәкілетті органдар қызметкерлерінің біліктілігін арттыру үшін арнайы оқулықтар мен әдістемелік материалдар дайындау бойынша ұсыныстар өзірлейді;

е) уәкілетті органдар мен Комиссияның өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-техникалық және ақпараттық-талдамалық құралдарды жетілдіру бойынша ұсыныстар өзірлейді;

ж) уәкілетті органдардың қызметкерлері үшін тәжірибе алмасу мақсатында семинарлар, конференциялар, сондай-ақ өзге де іс-шаралар өткізу мерзімдері мен форматы бойынша ұсыныстар дайындайды.

13. Зияткерлік меншік жөніндегі консультативтік комитеттің отырыстарында уәкілетті органдардың зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласындағы қызметі нәтижелері қаралғаннан кейін жауапты департамент 2 апта ішінде жинақталған ақпаратты дайындайды және Одақтың ресми сайтына орналастырады, сондай-ақ оны мүше мемлекеттерге жолдайды.

## V. Қорытынды ережелер

14. Уәкілетті органдар мен Комиссия олардың зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың бұзылуын ескерту және жолын кесу бойынша қызметі нәтижелерінің, соның ішінде бұкаралық ақпарат құралдарында және уәкілетті органдар мен Одақтың ресми сайттарында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы ақпараттық жариялышын қамтамасыз етеді.

15. Жауапты департамент Одақтың ресми сайтында зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласындағы мынадай ақпаратты орналастыруды қамтамасыз етеді:

а) зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау бойынша қызметті регламенттейтін мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері және Одақ органдарының актілері;

б) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының мекенжай-анықтамалық және байланыс ақпараттары;

в) Одақтың және жекелеген мүше мемлекеттердің аумағында өзірленетін және іске асырылатын зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау механизмдерін жетілдіруге бағытталған бағдарламалар мен жоспарлар.